

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

байланыстар көршілес Хиуа мен Бұхара хандықтарының делдалдықтарымен іске асқан болуы мүмкін деген болжам жасаймыз. Өзірге ондай деректер қолымызға түскен жоқ.

Османлы мемлекеті орыс қауіпі пайда болғаннан бастап сыртқы саясатында Түркістан хандықтарына көмек беру саясатын жүргізгендігін айтуға болады. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, елдер арасының қашықтығы орыс басқыншылығына тосқауыл жасайтындай пәрменді әреке етуге мүмкіндік бермеген сыңайлы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Амантай Исин. Қазақ хандығы мен Осман патшалығы саяси байланыстарының басы. «Қазақ хандығы тарихы». Алматы 2011ж.б. 31.
2. Бекен Қайратұлы. Қайып ханның хаты//«Астана Ақшамы» 5 Қараша, 2019.
3. Ерофеева И.В. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1811 годов. Сборник исторических документов в двух томах. Том 1.–Алматы: Abdi. 2014 .
4. BOA (Başbakanlık Osmanlı Arşivleri), Nâme-i Hümâyûn Defteri, Nr. 6, s. 351; Saray, 1990. s. 12; Andican, s. 192
5. Nâme-i Hümâyûn Defteri, Nr. 6, s. 351; Saray, 1990. s. 12; Andican, s. 192
6. Akdes Nimet Kurat, Türkiye ve Rusya, Күлтүр Бак. Йай., 1990, 505 б.
7. Akşura Yusuf. Türkçülüğün Tarihi. -Istanbul: «Kaynak yayımları», -184 s.
8. Hizmetli, S. (2011). Kazak Ulusu ve Kazak Tarihi Üzerine: Dünü ve Bugünü. İstem, 17.

## **БАРАҚ СҰЛТАННЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ**

**Батталов Қ.Қ.**

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің тарих факультетінің доценті,

**Бектұрсын Н.Д.**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің тарих факультетінің 3-ші курс студенті

**Касенова Г.Т.**

магистр, «Quantum Stem School» ЖШС-нің тарих мұғалімі

Саяси билік институттарының дағдарысына толы XVIII ғасырдың Қазақ хандығындағы ірі саяси қайраткерлердің бірі – Жәдік әулетінен тарайтын Құдайменді сұлтанның немересі, Тұрсын сұлтанның баласы Барақ сұлтан еді. Бірқатар деректер мен зерттеулер осы тұлғаның Қазақ хандығының тарихындағы рөлін ашып көрсетуге мүмкіндік беріп отыр.

Левшин Барақты Орта жүздің үлкен бөлігіне билік етеді және өз халқы арасында хан аталады деген сипаттама берген. [5, б. 206] В.Моисеев Орта жүзде ең ықпалды деп үш тұлғаны: Тұрсын хан ұлы Барақ, Болат хан ұлы Әбілмәмбет, Уәли сұлтан баласы Абылай атап көрсетеді [2, б.86].

Бек Сүлейменов Орта жүзге баға бергенде үлкен найман руы екіге бөлінгендігі жайлы бірі Күшік хан билігінде болған 10 мың отбасы, ал екінші бөлігі Барақ сұлтанға бағынған 40 мың отбасы деген дерек келтіреді [3,161].

Барақ сұлтан Орта жүзде ықпалы бар белгілі сұлтан болғандықтан сыртқы саясатта белсенділікпен көзге түсті. Қазақ-жоңғар қатынастарын реттеу саясатында Қалдан Серен Барақ сұлтанды өз билігіне қаратуды көздеген болатын. Осылай жоңғар қонтайшысы Абылай сұлтанды тұтқынды босатқанда амантқа Әбілфейізді емес, Барақ сұлтанның баласына ауыстыруды қалаған [3, 121]. Барақ сұлтан екі жақты саясатты ұстанды. Бір жағынан Ресей бодандығын қабылдаса, екінші жағынан Жоңғариямен тұрақты қатынастары болған, елшіліктер жіберген.

XVIII ғасырдың 40 жылдары жоңғарлар Барақты және одан кейін Абылайды өз жағына тартпақшы болады. Жоңғарлар Барақты Ресейге қарсы қоюды көздеп, өз елшіліктерінде осы саяси линияны жүргізді. Осындай бір жағдай Барақтың ойрат елшілігі келуіне байланысты берген тойында болған. Жоңғарлар Бараққа «орыстар бізден Ертісті, ал қазақтардан Жайықты алып қойды, ал кейіннен мүлде көшетін жер болмас» деген ойларын

айтады. Барақ өз алдына Ресейден қиындықтар көрмегендігі және саудадан жақсы пайда табатындығы жайлы айтып жоңғарлардың бұл ойымен келісе қоймайды [2, 135].

Савва Соболев Сібір генералы Г.Киндерманға Жоңғарияға барғандағы көргені жайлы былай баяндайды: «Абылай сұлтан балалары мен Барақ сұлтан Қалдан Серенге барып айлап қонақ болатын және Қалдан Серен мейірімділігіндегі адамдар» деп көрсеткен. [2, 128]

Кей деректерде Барақтың жоңғарлармен қарым-қатынасы жайлы өзгеше ақпараттар да кездеседі. Мысалы 1744 жылы Барақ орыс бодандығы жайлы грамота алғанда бірден Жоңғар хандығына тікелей айбат шеге хат алмасады делінеді. Онда сұлтан өзінің баласы Шығайды қайтаруды талап етеді, ал егер талап орындалмаса Барақ баласын күшпен де қайтаратыны жайлы жазады [2, 159]. Орынбор канцеляриясында сақталған бұл дерекке қаншалықты сенуге болатыны белгісіз. Себебі бұдан кейінгі жылдарда да Барақ Жоңғариямен қатынастарын үзбегендігі жайлы өзге деректер де кездеседі.

1745 жылдың сәуір айында Бараққа Қоқан хандығының атақты Әбдікәрім биінен Жоңғар хандығына қарсы бірге соғысуды сұрау үшін елшілік келеді. Бірақ бұл елшілік сәтсіздікке ұшырады деген болжам жасауға болады. Бізде Барақтың бұл соғысқа қай жақта болмасын қатысқаны жайлы деректер жоқ. Біздің ойымызша, Әбдікәрім бидің елшілігі Барақтың жоңғарға қарсы бірлескен әрекеттерге келіспесе соғыспен қорқытқандығымен байланысты болуы мүмкін немесе Барақ пен Қоқанд билеушілерінің Түркістан және Сыр бойы үшін таластары да себеп болуы әбден мүмкін [2, 171].

1745 жылы Жоңғария және Қоқанд, Ұлы жүз рулары, Қарақалпақ арасында қақтығыстар болады. Қонтайшы қақтығыстарды созбау үшін қазақ сұлтандарынан көмек талап етеді, бірақ жоңғар билеушісінің бұл талабы орындалмайды. Қазақ сұлтандары Жоңғарияға аманатқа балаларын, батырларын берсе де әлі тәуелсіз, алым-салық төлемейтін, сыртқы саясатта өз әмірі болған билеушілер еді. Қалдан Серен қақтығыстарды тоқтатпақ ниетімен Барақ сұлтанға Қоқандпен келіссөздер жүргізуді тапсырады. Барақ қонтайшының бұл өтінішін орындайды, бірақ келіссөздерде жетістікке жете алмады. Кейін қонтайшы жазған хатында жоңғарлардың талаптары тым жоғары екендігі және осының салдарынан қоқандтарды тыныштандыра алмайтындығын жазады [2, 172].

Жоңғарияда билікке Цэван Доржи келуімен Орталық Азиядағы геосаяси жағдайдың өзгеруі байқалады. Жоңғар хандығындағы жаңа қонтайшы әлі жас және әлсіз билеуші болғандықтан, орталық билік әлсіреген еді. Осы кезде қазақ сұлтандары қазақ-жоғар қатынастарында тізгінді өз қолдарына ала бастайды. Әбілмәмбет Қалдан Серен заманында да өз беделін түсіре қоймаған болатын, ал жаңа билеуші келуімен мүлде елшіліктер жібермей, Жоңғарияны елемей қояды. Барақ пен Абылай сұлтандар болса, керісінше, өзге саяси жолды ұстанғаны С.Соболев мәліметтерінен байқалады. Бұл сұлтандар елшіліктерді көбейтіп, өз ықпалын арттыра бастайды [2, 186].

Қазақ жеріне басқыншылар ықпалы әлсіреп, жоңғар қауіпі сейілгенде қазақ сұлтандары арасында жаңа өзара тартыстары басталады. Тарихта Кіші жүздің ханы Әбілқайыр мен Барақ сұлтанның арасындағы келіспеушіліктеріне бірнеше себептер көрсетіледі. Оның бірінде Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдауына байланысты Барақтың және өзге қазақ басшыларының Кіші жүз ханынан алыстауы деп көрсетіледі. Қазіргі таңда дәстүрлі тарихнамада сақталып қалған бұл көзқарас тарихи объективтілік тұрғысынан саяси теке-тірес себептерін толыққанды ашпай отыр. Деректер мен зерттеулерге үңілсек, Ресеймен байланыс орнату талпынысы Жәдік ұрпақтарының саясатында да орын алғанын көруімізге болады. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Ресей мемлекеті өз бодандығын қабылдаған билеушілерге қатты шектеулер қоя қоймаған еді. Қазақ хандары башқұрттар мен қалмақтардың (Аюка хан) сыртқы және ішкі саясатындағы айтарлықтай бостандығына көре отырып, бодандыққа қатысты жағымсыз пікірге ие болмады. Керісінше Ресей бодандығы арқылы Әбілқайыр, Батыр, Барақ, Әбілмәмбет, Абылай секілді саяси қайраткерлер өз билігін нығайту саясатын жүргізгені байқалады. 1735 жылы Барақ сұлтан Орта жүздің Ресей бодандығын қабылдауына да қатысқан [4, 53].

Қазақ хандығында осы кезеңде екі қарсылас топтар пайда болады. Олар - қазақ-жоңғар соғыстарында үлкен беделге ие болған Әбілқайырдың әулеті және қазақ хандарының негізгі тармағынан шыққан Жәдік ұрпақтары болатын. Әбілқайыр хан соғыста көрсеткен керемет қасиеттерімен біріккен қазақ жасағын басқарып, батырлардың қолдауына ие болып, Кіші жүз ханы атанады. Ирина Ерофеева айтуы бойынша XVIII ғасырдың 20 жылдары Әбілқайыр билігіне ешкім күмән келтіре алмаған және негізгі қарсыластарының өзі оның «үлкендігін» мойындаған екен [1, 213].

1730-шы жылдары жоңғарлармен қақтығыстарға байланысты қазақ хандары мен сұлтандарының сыртқы саясатында поляризация байқала бастайды. Әбілқайыр интеграциялық саясатына қарсы Жәдік ұрпақтары бастаған билер мен рубасылар қарсы шығып, өзінің билігінің сақталуын қалаған көрінеді. Ал екінші жағынан қазақ қоғамындағы саяси қақтығыстар мен дағдарыстан шаршаған батырлар мықты орталық билікті қалаған көрінеді [1, 238, 253].

Ирина Ерофеева осы кезеңге баға бергенде, Әбілқайыр ханның саясатына Жәдік ұрпақтарынан негізгі қарсыласы ретінде Барақ сұлтанды көрсетеді. Барақ сұлтан өзінің шығу тегіне барынша мақтанып, жаңа әулеттің билікке келуін ойламақ түгелі, тіпті оларды әлсіз әрі төмен санаған [1, 325]. Бұл әулеттік теке-тірес мәселесі келесідей мәліметтерден көрініс тапқан: «Барақ ссылался на то, что его род является «Тогим-Шигайским», а ево-де, Абулхаир- ханская фамилия называется Булякай-Куянская, и ево-де род против нашего силою не будет, ибо-де наша фамилия честная и многолюдная» [5, 8].

Біз Әбілқайыр хан мен өзге Жәдік ұрпақтарының конфронтациясына негізгі себеп ретінде билікке талас пен билік институтына әртүрлі көзқарастан туындады деп түсіндіреміз. Әбілқайыр хан «хан» атағына сол кезеңде қазақ қоғамында қалыптасқан кейіптен бөлек құрылым көргісі келді. Оның хандық билікті нығайту және интеграциондық амбициялары Неплюев пен Петербургке жазған хаттарында көрінеді [1, 379]. Ал, Жәдік ұрпақтары (Батыр, Барақ, т.б.) хандық билікте негізінен дәстүрлі қоғам арасындағы атақ бейнесін көргендігін атауымызға болады [1, 236].

Бұл теке-тіреске май құйып отырған сол кездегі Орынбор губернаторы И.Неплюев болатын. Неплюев пен Барақтың ойы бір жерден шығады. Барақ Әбілқайырдың Ресей қолдауымен билігінің күшеюіне тоқтау қою үшін онымен бірдей бедел алғысы келді, ал Неплюев Әбілқайырдың қатты күшейіп кетіп, қазақтарды бір қол астына біріктіруге жол бермеу және оған қарсы жаңа күш пайда болу жолын ойластырды. Осылай 1742 жылдың күзінде Барақ Ресей бодандығын қабылдайды. [1, 364] И.Неплюев Бараққа жазған хатында сұлтанға орыс-қазақ сауда орнатуда және Ресеймен қарым-қатынас орнатуда үлкен үміт артатындығы жайлы айтады. Неплюевтің Барақпен байланыс орнатудағы негізгі себептері секілді осы екі факторды көрсетеді: біріншісі, Әбілқайырға қарсылас күш тудыру және екіншісі, Түркістан және Сырдария аймағымен Орынбор арасындағы қазақ-орыс саудасын күшейту. [3, 130] Кейіннен Нұралы әкесінің өліміне қатысты Бараққа кек алу амалдарын бастағанда Орынбор генералының көмек бермейтінін байқады [1, 403].

Левшин айтуынша, Барақ сыртқы саясатқа келгенде Ресейден қорқыныш көрмеген. Оған дәлелге императрицадан келген грамота мен атаулы алтын қылышты елшілік әкелмегендіктен және оны алу үшін И.Неплюевке жеке бару керегіне көнбеген сұлтан аса тәкаппарлық көрсетеді. Негізінен Ресеймен байланыс және бодандық тек Әбілқайырмен бір алаңда күресу үшін қабылданды. Ресейге қарағанда Барақ жоңғарлардан көбірек сескенген [6, 209].

Барақ сұлтан мен Әбілқайыр сұлтанның арасында одан әрі қарым-қатынастарының шиеленісуіне Ресей мәселесі себепкер болды. Әбілқайыр хан Ресей көмегімен қазақты біріктіремін дегенде Ресей Барақты қолдап, ашық түрде Кіші жүз ханын елемей бастады.

Ресейдің Барақ пен Әбілқайыр арасында Орта жүз сұлтанына қарай бейім деген халық ара тараған сыбыстарды ести келе және Орынбор қолдауын жоғала бастаған Әбілқайыр жасақтарымен бірге Бараққа бағынышты қарақалпақтар мен қазақ ауылдарына барымта жасайды, сұлтан жеріне бағыт алған сауда керуендерді тонап, елшілер мен өкілдерге кедергі

келтірген. Бірақ Әбілқайырдың Бараққа жасаған ең үлкен қастығы ол 1748 жылы Батырдың ұлы Хиуа ханы Қайыптың Бараққа келе жатқан құдалығына шабуыл жасауы болатын.

Ресейге өз беделін қайта дәлелдеу үшін Әбілқайыр Орынбор билігімен қиын конфронтацияларға түседі. Ресей ақыры саясатта Кіші жүз ханымен санаса бастады және көп жеңілдіктер береді. Мысалға үш жүзден аманатқа берілген қазақтарды жинау секілді рәсімдер Әбілқайыр билігін нығайта бастайды. Айта кету керек Әбілқайырдың Ресейге жасаған жорықтары қазақ халқы ішінде қарсылықты күшейте түсті. Себебі осы кезде Қалдан Серен Әбілмәмбетпен келіспей екі ел арасындағы қарым-қатынасты тағы қиындатқан болатын. Ресейге қарсы саясатты қазақ қоғамында қолдауға ие болмағаны белгілі болып отыр [3, 131].

1747 жылы Барақ императрица грамотасын алған кезде сол жердегі өкілдер Әбілқайыр істерін сынайтындығы жайлы айтып және Барақты Әбілқайырға барып оның Ресейге қарсы істерін тоқтатуға көндіруге аттануын сұрайды [4, 67].

Жоңғар қонтайшысы Цэван Доржимен Әбілқайырдың жақындасуы қазақ сұлтандары мен хандарының Әбілқайырға деген қарсыластығы есейе түсуіне себеп болған. Цэван Доржи еліндегі билігі әлсіздігін шет билеушілермен қатынас орнату арқылы күшейтпекші болды. Кейіннен бұл ниеті Нұралымен қатынастарында да көрінеді. Дегенмен Кіші жүз ханымен Ресейдің санасуы, жоңғарлармен одағы және Орта азия хандықтарында беделінің (Хиуа, қарақалпақ) өсуі Әбілқайырға қарсы топты алаңдата бастайды.

Бірнеше жылдар бойы жиналып келген шиеліністер мен қақтығыстар кішкене шоқтан қантөгіске әкелетіндей деңгейге жетті. Осындай жағдай 1748 жылы орын алды. Барақ Әбілқайыр хан қол астына көшкен қарақалпақтарға жорық жасайды. Бұл жайлы естіген Әбілқайыр бірден кішкене жасақ жинап жағдайды білуге аттанады. Әбілқайыр қол бастап шыққаны Батырға жетіп, ол Барақты қайрап, Әбілқайыр тұрған жерген жерді айтады. 1748 жылы 15 тамызда екі жасақ Өлкейек және Торғай өзендері арасында кездеседі. Кей деректерде Барақ жасағы 20-30 есе көп болған деген ақпарат кездеседі. Әбілқайыр осы жерде қайтыс болады [1, 398].

Кей деректерде Ор бекініснен оралған Әбілқайыр бірден келе жатқан қарақалпақтар көші жайлы естіп оларды тонамақшы болады және жолда Барақты кездестіреді деген ақпарат та кездеседі [6, 215].

Әбілқайырды өлтіргеннен кейін Барақ Абылаймен бірге қарақалпақ жерінде жүрген Ералыны өлтірмекші болады. Бұл жайлы Ералының өзі 13 қарашада И.Неплюевке жазған хатында айтады. Барақ жіберген жасақ келе жатқанын естіген Абылай Ералыны Бопай ханшайымның иелігіне жіберіп, оны аман алып қалады [1, 399].

Бірақ Барақтың бұл ісі қазақ даласындағы халықтың көпшілігімен қорқынышпен, қарсылықпен қабылданды. Қазақ ханын өлтіруі бүкіл даланы дүрліктірді. Қара сүйектер, батырлар, рубасылар, тіпті сұлтандар мен хандар бұл жағдайды сынаған болатын. Енді әр барған жерінде тыныштық көрмеген Барақ сұлтан билер сотына жүгінуге шешім қабылдайды. Билер соты бұл жерде Батырға бағынышты төртқара мен әлімұлы билері және Бараққа бағынышты бағаналы найманнан жиналған билердің отырысы болатын.

Билердің оны ақтауы Бараққа өз жанына арғын, найман, қоңырат және т.б. Орта жүз руларынан 3 мыңға жуық қазақ отбасыларын жинап, жаңа бағытта көш бастауына мүмкіндік берді. 1749 жылы Барақ Түркістанға қарай жол бастап, Төле Әлібекұлы қолдауымен кей Орта жүз және Ұлы жүзден дулат руларына хандығын жариялайды [1, 402].

Осы кезде Ресей билігі Бараққа деген Әбілқайыр ұрпақтарының кек алу қадамдарынан қорыққан болатын, себебі ол Барақтың Жоңғарияға көшіп кетуіне әкелуі мүмкін еді. Бұл Ресей жоспарларын бұзып, қазақ жеріндегі хандар арасындағы тепе-теңдікті жоюы қауіпін тудырды. Жағдайды білу үшін Ресей Бараққа М.Арапо бастаған елшілікті жібереді.

Ресей елшілігі Әбілқайыр өлімі жайлы білмейтіндей кейіп танытпақшы болды. Осы үшін және Кіші жүзде бұл елшіліктің Әбілқайыр өліміне дейін жіберілгендігіне сендіру үшін елшілік башқұрттар жерімен Кіші жүзді айнала Абылай сұлтан жайылымдарымен жол бастап келеді. Елшілік Барақ сұлтанға келу мақсаты секілді оның Ресей үшін атқарып жүрген

істеріне риза екендігін білдіру және Ресеймен әрі қарай қарым-қатынастарды нығайту керектігімен түсіндіреді. Сонымен қатар елшілік И.Неплюевтің «сұлтан істеріне қанағаттанатыны, ал хан (Әбілқайыр) ісіне ренжігені» жайлы хабарлайды [4, 75].

Ресей елшілігі келгенде Барақ 3 мыңға жуық халқымен Түркістанға көшіп келген еді. Барақ елшілікке Әбілқайыр ханды өлтіргендегі себебін Орынборға саудаласуға бара жатқан керуендерді тонау және жеке өзіне істеген көптеген қастықтарымен түсіндіреді [4, 76].

Әкесі өлімімен байланысты ғана емес, сонымен қатар саясаттағы қарсыластығына орай Нұралының негізгі жауларына Батыр, Қайып, Барақ айналады. Батыр мен Қайыптың 1750 жылы Орынборға жіберген елшілігі және Ресеймен қатынас орнатуға тырысып жатқандары Нұралыға ұнамайды. Орынбор-Хиуадан келетін сауда керуендерін тек өз әкесінің ауылдарымен жүруге бұйырады. Бұл Нұралының саудадағы беделін және үлкен пайда(салық) көзінен айырып тұрған болатын. Бұл жағдайды қолға алу үшін ол 1753 жылы керуендерді тонай бастайды. Сонымен қатар осы деректе Барақ жайлы айтылады. Левшиннің Барақты Батырмен шатастырғаны ықтимал [6, 227].

Нұралы бірден әкесінің кегін алғысы келеді және қасындағы сұлтандар мен рубасылар оны қоңтайшымен бірге Бараққа шабуға көндірмекші болады. Бірақ Нұралы бұл ісінің Ресейге ұнамайтынын түсінді. Сонымен қатар онымен бірге Орынбордан келген орыс офицері болатын. Бұндай куәгерлер алдында ол ашық түрде Барақпен жауласа алмады [6, 220]

Әбілқайыр ұрпақтары Барақтан кек алмақшы болады. Нұралы бұл мақсатта өзінің қарындасымен атастырылған Цэван Доржиді қолданбақшы болады. 1749 жылдың қараша айында жоңғар қоңтайшысы Толе биге Барақты ұстап, оны жоңғар билеушісіне беру бұйрығымен өзінің адамдарын жібереді. Бұны естіген Барақ тағы көш бастауға мәжбүр болады. Бірақ 1750 жылдың ақпан-наурыз айларында Қарнақ қаласында Барақ пен оның екі ұлы қайтыс болады. Сол кезде Орынборда болған қазақ саудагерлері бұл істі жасаған Цэван Доржи екеніне сенімді болған [1, 404]. Осы жағдайдан кейін 1753 жылдың 3 қаңтары А.И.Тевкелевке жазған хатында Нұралы өзінің інісі Ералының Сырымбет батырды (Әбілқайыр өліміне қатысты және Барақ жақыны) өлтіріп, оның отбасын және Барақ отбасына шапқаны жайлы ақпарат айтады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Ерофеева И. В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е, исправленное и дополненное. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 456 с.
2. Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи (XVII – XVIII вв.). -Алма-Ата: Гылым, 1991. – 238 с.
3. Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Сборник статей. Отв. ред. Б.С.Сулейменов. - Алма-Ата: Изд. «Наука», 1969. – 203 с.
4. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII- начале XX века. Алма-Ата: «Наука» КазССР,1981. – 247 с.
5. Вильяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абулхаир хана (1748-1765). – Уфа: Губернская типография, 1853. – Т.1. – 48 с.
6. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М. К. Козыбаева). – Алматы: «Санат», 1996. – 656 с.

## **НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И ПАРТИИ «АЛАШ»**

**Бейсембаева А.Р.**

докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

В формировании государственности казахского народа большую роль играла национальная интеллигенция. В конце XIX – начале XX века казахская интеллигенция участвовала во многих политических движениях, в том числе в первой русской буржуазной революции. В результате Столыпинской аграрной реформы и последовавшего за ней